

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина  
Университеті

Кафедра: Микробиология, иммунология және вирусология

Факультет: Жалпы медицина

# *Студенттің Өзіндік Жұмысы*

Тақырыбы: Ісікке қарсы вакциналар



Орындаған: Аккулов Б.Д.  
309 “Б”

---

Тексерген: Урекешов Б.С.

# ЖОСПАРЫ:

## ❖ *КІРІСПЕ.*

*Ісік туралы түсінік*

## ❖ *НЕГІЗГІ БӨЛІМ.*


*Ісіктік вакцина түрлері*

*А) Өкпе ісігіне қарсы вакцина*

*Ә) Жатыр мойын ісігіне қарсы вакцина*

*Б) Ісікке қарсы дәрілік препараттар*

## ❖ *ҚОРЫТЫНДЫ.*



□ **Ісік**, тін өсіндісі, бластома (tumor) – өзінің қа-лыпты пішіні мен қызметін жойған, организмнің түрі өзгерген клеткаларынан құралған тіндердің патологиялық жайылып өсуі.

□ (бластома, неоплазма, тумор) деп соматикалық жасушалардың мутацияға байланысты тоқтаусыз және бақылаусыз көбейіп кетуі нәтижесінде пайда болатын патологиялық үрдісті атайды.





*Ісік клеткалары* ісікке шалдықтырған себептер тоқтаса да ол өсе береді. Көпшілік жағдайда ісік кәрі адамдарда пайда болатыны белгілі. Себебі адамның жасы ұлғайған сайын, оның иммундық жүйесінің жұмысы төмендеп, қауіпті ауруларға қарсы тұра алмайды. Көптеген онколог ғалымдар ісік аурулары өзінің өсу жолында екі сатыдан өтетінін дәлелдейді. Біріншісінде, канцерогендік заттардың әсерінен таза клетка ісік клеткасына ауыса бастайды, бірақ ол белсенділік көрсетпей тыныш жатады. Екіншісінде, нағыз ісік түйіні пайда болып, ол өніп-өсе бастайды. Бұл екі сатының әрқайсысы организммен екі жақты қарым-қатынаста болады.




Ісіктер қазіргі таңда ауру адамдар өлімінің негізгі себебі ретінде жүрек-қан тамырлар ауруларынан кейінгі екінші орында тұр. Адамдардың әрбір бесінші немесе алтыншы осы қатерлі ісіктен өледі екен. Сол үшін ісіктердің пайда болу себептерін, оның таралу жолдарын, морфологиялық өзгешіліктерін білу және үйрену медицина тәжірибесі үшін өте маңызды мәселе.




Организмнің күш қабілеті, ісікке деген төзімділігі өте жоғары болса, онда бірінші саты ұзаққа созылып, екіншісінің болмауы да мүмкін. Кейде екінші саты біріншіге көшіп, кері процесс жүруі, сондай-ақ канцерогендер тікелей иммунитетке зиянды әсерін тигізіп, Ісік ауруына әкелуі мүмкін;





Француздың ұлы ғалымы Л.Пастер 100 жыл бұрын вакцинацияның ғылыми негіздерін ашты және “вакцина” деген терминді енгізді. Вакцинация арқасында бүкіл әлем шешек, құтыру, күйдіргі, күл, сал, көк жөтел, қызылша, сіреспе, газды гангрена сияқты жұқпалы аурулармен, соның ішінде аса қауіпті жұқпалармен де күресуде үлкен жетістіктерге жетті.

Вакцинацияның негізгі мақсаты- жасанды иммунитетті қалыптастыру.





- Ісікке қарсы вакцинация- бұл құрамында иммундық антигені бар вакцинаны адам организміне енгізіп, ісікке қарсы активті спецификалық иммунитет қалыптастыру.
- Ісікке қарсы вакциналар құрамында тек ісіктік клеткалар немесе олардың антигендері болуы мүмкін. Олардың құрамына, иммундық жауаптың механизміне байланысты ісікке қарсы вакциналар төмендегідей бөлінеді:

– Клетка негізіндегі вакциналар:

- аутологиялық.

- аллогендік.

– Антигендік вакциналар:

– ісіктік клеткалардың белоктары немесе белок фрагменттері;

– құрамында ДНК және РНКлары бар вакцинлар;

– рекомбинанттық вирустар;

– антиидиотиптік вакциналар.



## Клеткалық вакцинаны


пациентке енгізгенде оның организмінде ісіктік антигендерге қарсы иммундық жауап пайда болады. Ісікке қарсы клеткалық вакцинаның екі түрі бар;

аутологиялық клеткалық вакцина -пациенттің өз клеткасынан тұрады.

аллогендік клеткалық вакцина -басқа пациенттің түгелдей инактивтелген клеткаларынан тұрады.






The background of the slide is a microscopic image of several virus particles. The particles are roughly spherical and covered in a dense layer of surface proteins, giving them a textured, bumpy appearance. They are set against a dark blue background with some light rays or beams of light passing through them, creating a sense of depth and focus on the individual particles.

**Антигендік вакциналар** құрамында толық клеткалар болмайды, тек ісік клеткаларының антигендері болады. Антигендерді антигендік вакцинаның құрамына енгізудің екі түрі бар:

- ісіктік клеткалардың белоктары мен белоктық фрагменттері организмге вакцина түрінде енгізіледі;
- организмге генетикалық материал енгізіледі (ДНК-және РНК-вакциналар).



- UCSF icsk ortalığı zertteuşilerі өkpe rađine qarсы жаңа вакцина жасап шығарды. Lusanix препаратының әсер ету механизмі іск клеткаларының организмнің иммундық жүйесін төмендету қабілетін жоюға арналған. Клиникалық зерттеуге бүкіл әлемнің 90 онкологиялық орталығынан 700 пациент қатысқан.




Кубада әлем тарихында алғаш рет өкпе ісігіне қарсы вакцина қолданысқа ие болды. Гаваннадағы Молекулярлы Иммунология Орталығы мамандары бұл вакцинаны өндіруге 25 жыл уақыт жұмсаған. Бұл препарат ісік клеткаларының өсуі мен таралуына қажетті өсудің эпидермальді факторының (EGF) аналогі болып табылады. Вакцинаны қолданғанда иммунды жүйе EGF өндіретін клеткаларды талқандайды.






□ Британ ғалымдарының жатыр мойны рагына қарсы вакцина ойлап табуы соңғы он жылдың ішінде жеткен жетістіктерінің бірі болып табылады. Цервикалды рак жыл сайын үш жүз мың әйелді өлімге әкеледі екен. Статистика бойынша бұл рак сүт безі рагынан кейінгі екінші орында тұр. Бұл рак соңғы он жыл ішінде жиырма бес пайызға өлім көрсеткішін өсірген.


## Виды миом матки



□ **Жатыр мойны-** өте күрделі құрылысты. Беткей қабаты эпителиальды клеткадан тұрады. Ол үнемі көбейіп, өлген клетканың орнын басып отырады. Клеткалардың жаңарып отыруы клетка ішілік активті заттардың генетикалық программасына байланысты. Бұлар ісікке қарсы әрекет жасайды. Осы ісікке қарсы механизмді p53 белогы атқарады. Ол 1973 жылы ашылды. Бұл белок клетка циклын реттеп отырады. Сонымен қатар p53 ескірген бұзылған ДНҚ құрылысын өңдеп жаңартып отырады. Егер p53 белогы өзінің қызыметін атқара алмаса (генетикалық код, мутация) клетка циклы бұзылады да рак клеткаларының қалыптасуына алып келеді. Жатыр мойны ісігінің негізгі қауіпті факторы – папилломавирусы болып саналады.



Рак матки







Жатыр мойыны ісігіне қарсы вакцинаның әсер ету механизмі. Ол тек папилломавирустың қабықшасында болатын залалсыз белоктардан құралған. Адам организміне түскенде бұл белоктар иммундық жауап ретінде антиденелер өндіріледі. Антиденелер қанда ұзақ жылдар бойы сақталады. Егер вакцина қабылдағаннан кейін бірден организм шынайы вируспен зақымдалса, вирусты бөлшектер сол бойда дайын антиденелермен жойылады.

Ісікке қарсы әсер ететін **Escozine** вакцинасы табиғи өнім болып табылады,оның құрамында кариб көгілдір шаянының уынан жасалған.Соңғы 15 жылда әртүрлі ісікпен ауыратын мыңдаған науқастар осы препараттың арқасында денсаулықтарын біршама жақсартты. Сарысудың эффективтілігі клиникалық тұрғыдан дәлелденді әртүрлі дәрежедегі раппен ауыратын 8302 науқасқа 8 жыл бойы зерттеу жасалды.89,5%жағдайда зерттеуге қатысқан науқастардың өмірі едәуір жақсарды.

Escozine вакцинасы химиотерапия,радиотлерапия және басқада дәстүрлі емдеу әдістерімен бірге қолданылады. Бұл қауіпсіз және эффективті табиғи өнім.



Vaccine

Medical  
use only  
500 Doses



FOR INJECTION USE





**Ісікке қарсы дәрілік заттар** - қатерлі ісікті емдеуге қолданылатын синтездік не табиғи дәрілік заттар тобы. Қазіргі кезде 60 –тан астам ісікке қарсы дәрілік заттар бар. Олар: алкилді қоспалар, антиметаболиттер, ісікке қарсы антибиотиктер және өсімдіктерден алынған дәрілер болып табылады.

## *Ісікке қарсы иммунитетті көтеретін препараттар:*

- *Мейши*
- *Шиитаке-форте*
- *Фунгимак*
- *Грибная тройчатка*



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- *Ә.Ә.Шортанбаев С.В.Кожанова “Жалпы иммунология”*
- *Петров Р.В. Иммунология, Москва.1983*
- *Белозеров Е.С. “Клиническая иммунология и аллергология” 1992*
- *Вершигоров А.Е. “Общая иммунология” Киев 1990*
- *Хаитов Р.М. “Иммунология” Москва 2006*